

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 19-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі –
т і з б е) б е к і т і л с і н .

2. Мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

3 1

қ а ң т а р д а ғ ы

№

1 9 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині, ЭДСМ	2012 жылғы ақпан

2.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	2012 жылғы ақпан
3.	«Отандық әлеуетті өнім берушілердің санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1353 қаулысына өзгеріс енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ	2012 жылғы ақпан
4.	«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы № 1301 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	2012 жылғы ақпан
5.	Электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	2012 жылғы ақпан
6.	Аукцион тәсілімен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу мәні болып табылатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	2012 жылғы ақпан
7.	Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасында көзделген тауарлар мен қызметтердің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ОСК (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
8.	Тапсырыс берушілер конкурс қорытындысы шыққанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге іркіліссіз қызметті қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ бір көзден сатып алатын күнделікті немесе апта сайынғы қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	2012 жылғы ақпан
9.	«Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық мазмұнның көлемі туралы ақпаратты ескере отырып, есептілікті жинау, қорыту және талдау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 647 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2012 жылғы ақпан

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

ЭДСМ – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі
ОСК – Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК